

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 19 (930) 5 мамыр 2023 жыл

[facebook.com/tainsha.tany](https://www.facebook.com/tainsha.tany)



<http://tainshatany.kz>



tainsha_tan@list.ru

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

«Баршамыз үшін бұл мерекенің маңызы ерекше. Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Отандастарымыз майдан даласында ерлікпен шайқасып, олардың жартысынан жуығы елге қайтып оралмады. Жауынгерлеріміздің батырлығы мен қайтпас қайсарлығы Жер бетінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтауға мүмкіндік берді».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті.



ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР! ҚЫМБАТТЫ АРДАГЕРЛЕР!

Биыл Ұлы Жеңістің 78 жылдығын атап өтеміз. 9 мамыр – біз үшін қасиетті күн.

Бұл күні біздің көңілімізді ерекше сезімдер билейді, шаттық та, мұң да, аяушылық пен мейірбандық та көрініс табады. Бұл бізге бейбіт өмір мен еңбек ету еркіндігін сыйлаған, қуанышқа кенелтіп, жасампаздық істер мен бір-бірімізді құрметтеуді үйреткен жандар алдында тағы да бір рет тағзым етуге мүмкіндік береді.

Сол қаһармандыққа толы жылдар қанша алыстаса да, аға ұрпақ өкілдерінің жасаған мәңгілік ерліктері жадымыздан ешқашан өшпек емес.

Соғыс ардагерлерінің ерлікке толы жолын жалғастырып келе жатқан бүгінгі ұрпақ Қазақстанның Тәуелсіздігі мен біртұтастығын сақтауға қабілетті деп нық сеніммен айта аламын.

Біз Сіздердің алдарыңызда мәңгі қарыздармыз. Сіздердің өшпес ерліктеріңізге бас иеміз. Отан үшін отқа түскен батырлардың даңқы арта берсін! Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне мықты денсаулық тілеймін!

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР! ҚЫМБАТТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді Отан қорғаушы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күні біз аталарымыз бен әкелеріміздің жанқиярлық ерліктерін еске алып, өз Отанын ерлікпен қорғаған және қазір де адал қызмет атқарып жүрген жандарға құрмет көрсетеміз.

Отанды қорғау қай заманда болмасын қасиетті борыш саналған және солай болып қала бермек. Ата-бабаларымыздың қаһармандығы жайлы қаншама жыр-дастандар мен аңыздар бар, олар туған жерге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісін көрсетіп, келешек ұрпаққа соны аманаттап кетті.

Қазіргі таңда да еліміздің Қарулы Күштері мен құқық қорғау органдарында қызмет ету – қасиетті борыш, ал Отанға адалдық – әрбір қазақстандықтың басты міндеті болып табылады.

Қазақстанның Қарулы Күштері – Отанымыздың Тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің кепілі, барлығымыз үшін мақтаныш.

Ерлік пен қаһармандық мерекесінде барлық Отан қорғаушыларға табыс, амандық-саулық пен еліміздің гүлденуі жолында игілікті істер тілеймін!

Құрметті жерлестер!

Мереке күні сіздерге және отбасыларыңызға шын жүректен мықты денсаулық, бейбітшілік, ізгілік пен саулық тілеймін!



ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Жастардың Отан қорғау қызметін атқарып қайтуы – адамгершіліктің ең асыл парызы. Ал, әскер әр азаматты — тәртіптілік, тәлімділік пен шыдамдылыққа баулиды. Міне, сондықтан болар, осындай шыңдалған азаматтарды еліміздің түкпір- түкпірінде ішкі істер саласына жұмысқа алып жатады. Өйткені, олар ел күзетінде болып, ердің ерен жүгін көтеріп, сымдай сыпталып, болаттай беріктеніп, әскердің қатаң тәртібінен өтіп келеді. Әрбір ер-азаматтың туған елі, Отаны алдында бас тартуға болмайтын абыройлы міндеті бар. Ол – Отан қорғау Адам әскерге жай ғана «Отан алдындағы борышым өтелді» деген сөзді айту үшін бармайды. Бұл нағыз ер жігітке тән өмір қандай болатынын көрсетіп, бойына азаматтық, ірілік, ерлік қасиеттерді дартыуға тәрбиелейтін жер Отан алдындағы борышын өтеу әр азаматтың парызы.

Сіздерді 7 мамыр - «Отан қорғаушылар күні» мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз. Еліміздің өркендеу жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз.

Біздің отандастарымыз үшін бұл мереке батырлық пен табандылық, отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны. Келешек ұрпағымызға дейін Отан қорғаушылардың қаһарман ерліктерін ұмытылмайды. Қай дәуірде болмасын, Отан қорғау - әр Қазақстан азаматының қасиетті борышы болып келеді. Қазақстан әскерлері қатарында қызмет атқарып жүрген барлық азаматтарды, Ұлы Отан соғысы ардагерлерін, жауынгер – интернационалистерді, кез келген уақытта Отан қорғауға даяр азаматтарымызды осы мерекемен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздерге тілейтініміз дендеріңізге саулық, бастарыңызға бақыт, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс, елімізге бейбітшілік пен болашаққа деген сенімділік! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Берік ӘЛЖАНОВ, Тайынша ауданының әкімі.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлы Жеңістің салтанат құрғанына 78 жыл толады. Бірақ сол сұрапыл жылдардың естеліктері жадымыздан өшкен жоқ, қайта жыл өткен сайын ұрпақтан ұрпаққа, жүректен жүрекке жетіп, жаңғыра түсуде. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы айтқандай, соғыс - қасірет пен қайғыны еске түсірумен бірге, қан майдандағы шайқастар мен ерен ерліктердің де естелігі. Жыл сайын мамыр айында біз майдан даласында жанқиярлықпен шайқасқан, тылда жанкешті еңбек еткен жандарға ерекше құрмет көрсетіп, соғыстан қайтпай қалған майдангерлерді еске аламыз. Біз аталарымыз бен әжелеріміздің, әкелеріміз бен аналарымыздың қайсарлығын, қажыр-күшін, биік рухын бағалай отырып, бізге ашық аспан, бейбіт күн сыйлаған ерліктерін мәңгі есте сақтаймыз.

Жеңіс пен бейбітшілікке лайықты ұрпақ бола білу, қол жеткен жетістіктердің бағасын біліп, оны еселей түсу – біздің басты міндетіміз.

ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР!

Осы мерейлі мерекеде барлық ізгі тілектер өздеріңізге арналады. Сіздердің арқаларыңызда қол жеткізген «Жеңіс» кешегі күннің ғана емес, болашақтың да жеңісі. Ол соғыстан кейінгі жылдардың қиындығын еңсеруге мүмкіндік беріп, бүгінгі күні де қоғам өміріне белсене араласуға, жастарды Жеңіс рухында тәрбиелеуге күш беріп келеді.

Сіздердің өмірлік бай тәжірибелеріңіз үшін, бізге жол нұсқағандарыңыз үшін, үнемі қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғыс айтамыз. Денсаулықтарыңыз мықты, жастарыңыз ұзақ болып, жақын жандарыңыздың құрметі мен сүйіспеншілігіне бөлене беріңіздер!

Бейбіт өміріміз үшін, бұлтысыз аспанымыз үшін Сіздердің алдарыңызда тағзым етіп, басымызды иеміз!

Халқымыздың шексіз қаһармандығы мен мұқалмас қажыр-қайратының ерен үлгісі болған Жеңістің 78 жылдығы құтты болсын!

Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шаттық пен бақыт тілеймін! Жеңістің туы желбіреп, еліміздің абыройы арта берсін!

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚ ЖЕРЛЕСТЕР!

Отан қорғау – ер жігітке тән қасиет. Қазақ қашанда ер баланы отбасының тірегі, елдің қорғаны болуға тәрбиелеген. Әскерге барып, азаматтық борышын өтеп келгендер ауыл-аймақ арасында абыройлы саналаған. Яғни, қазақ жігітінің мойнында бір міндет бар. Ол – Отан үшін қызмет ету, Отан үшін от кешу. «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» дейді қазақ халқы. Қашанда халықтың ұлы болу – әрбір жігіттің биік арманы.

Әсіресе, Отан алдындағы борышын өтеп, әскер қатарына қосылу – нағыз азаматтықтың белгісі. Мұны жүрегі қазақпын деп соққан әрбір жастың түсінері анық. Әскери тәртіпті көзбен көріп, тіршілігін түйген жігіт біршама есейеді. Қуыс кеуде болып, қашып жүргеннен не пайда? Одан да әр жігіт Отан алдындағы парызын өтегені жөн. Бойында қазақтың қаны ойнаған, жүрегінің түгі бар жігіт бұл жауапкершіліктен жалтармайды. Ал қоғам жігіттерді әскерден безуге емес, соған ұмтылуға жұмылдыру жолында тәрбиелеуге тиіс. Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Біз осындай жандардың ержүрек істеріне сай сый-құрмет көрсете отырып, олардан өнеге алып өсетін жас ұрпақ Отанына адал қызмет етеді деп сенеміз. Әскерге кез келген ер жігіт баруы керек. Өйткені, қазіргі таңда әскерде жас сарбаздарға көптеген мүмкіндік беріледі. Әскери оқу-жаттығудан өтуден бөлек өзіңді жақсы жағынан көрсетіп, біліміңді, өнеріңді, ұсталығыңды дамыта аласың. Сенің бойыңдағы әрбір жақсы қасиет бағаланады. Өзіңді жақсы жағынан көрсетіп, күн тәртібіндегі берілген тапсырмаларды уақтылы орындау керек. Әскери жарлық пен пәрмендерді бұзбауың керек.

Әскерге барғанда адам үш нәрсені бағалай біледі. Ол ата-ананың қадірін түсіну, уақытты босқа жібермеу және саған берілген мүмкіндікті

дұрыс пайдалану керектігін жақсы түсінесің. Жас сарбаз үшін әскери ант қабылдау сәті ең ұмытылмас сәттің бірі. Ант қабылдау - ол Отан алдындағы жауапкершілікті сезініп, қандай жағдай болса да оны қорғауға сөз беру деген сөз.

7- мамыр Отан қорғаушы күні мерекесіменен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, зор табыстар тілейміз. Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар. Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын. Қайратты, мақсатты болыңыздар. Еңбекте табыс, тілейміз. Әр сүйем жер үшін, ата-баба қонысын жаудан көздің қарашығындай қорғап жүрген ерлерді, жаужүрек, қайсар мінезді сардарларымыз бен сарбаздарымызды бүгінгі мерекелерімен құттықтап, зор денсаулық, қажымас қайрат, жанұяларыңызға баянды бақыт тілейміз! Таусылмайтын дәулет, арылмайтын бақыт тілейміз. Шаңырақтарыңыз биік, керегелеріңіз берік болсын. Бар өмірін әскери іске арнап, күн-түн қатып, елін, жерін қорғап, өз қызметін мінсіз атқарып келе жатқан жауынгерлерімізге алғысымызды білдіреміз. Еңбектеріңіз жемісті болсын! Әрқашанда аспанымыз ашық болып, еліміздің тыныштығы бұзылмасын. Ел халқына шат-шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз. Армиямыздың айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Сіздерді бүгінгі 7 мамыр мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат, жанұяларыңызға бақыт пен шаттық тілеймін!

Әділ МҰХАМБЕТОВ, Тайынша ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.

ОТАНДЫ ҚОРҒАУ- АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Жастардың Отан қорғау қызметін атқарып қайтуы – адамгершіліктің ең асыл парызы. Ал, әскер әр азаматты – тәртіптілік, тәлімділік пен шыдамдылыққа баулиды. Міне, сондықтан болар, осындай шыңдалған азаматтарды еліміздің түкпір-түкпірінде ішкі істер саласына жұмысқа алып жатады. Өйткені, олар ел күзетінде болып, ердің ерен жүгін көтеріп, сымдай сыпталып, болаттай беріктеніп, әскердің қатаң тәртібінен өтіп келеді. ЗК-169/1 тергеу изоляторындағы ер-азаматтардың дерлігі кезінде әскер қатарында болып, отан алдындағы борышын адал атқарып келгендер. Қоғам қауіпсіздігі үшін тер төгіп жүрген бұл ер азаматтарды бүгінгі жұмысына шыңдаған сол әскерлердегі алғашқы қиындықтар. Олардың бүгінгі жеткен жетістігі, шыққан биігі сол бір жылдардан бастау алған. Әрбір ер-азаматтың туған елі, Отаны алдында бас тартуға болмайтын абыройлы міндеті бар. Ол – Отан қорғау Адам әскерге жай ғана «Отан алдындағы борышым өтелді» деген сөзді айту үшін бармайды. Бұл нағыз ер жігітке тән өмір қандай болатынын көрсетіп, бойына азаматтық, ірілік, ерлік қасиеттерді дартыуға тәрбиелейтін жер. Отан алдындағы борышын өтеу әр азаматтың парызы.

Өкінішке қарай, қазір екінші бірі әскерге барғысы келмейді. Осыны көріп аталы сөзді ұғатын жас немесе аталы сөз айтатын аға жоқ па деп қынжыласың. Әрине, әскерге сылтауратып барғысы келмейтіндер де көп. Себебі әскерге баруға қорқады, барса, шыдамаймын деген сенімсіздік басым болады. Ал психологиясы әлсіз азаматтар өз-өзіне қол жұмсап, суицидке де барып жатады. Қазіргі жастардың қашуының себебі – осы. Негізінде борышыңды өтеудің еш қиындығы жоқ. Ер адам болған соң, жүктелген міндетті абыроймен өтеу керек. Егер жігіттерімізде расымен биік рух, шынайы намыс болса, қорықпай барады деп ойлаймын. Ер болған соң әскери тәртіпті көруі керек, Отан алдындағы борышын абыроймен атқару қажет. Әскердегі өмір ерді шыңдайды, қорқақты қинайды. Сарбаз өмірінің ең жақсы жері өмірдегі ең сирек кездесетін қасиет – адалдықты, өтірік айтпауды үйретеді. Бүгінгі темірдей қатаң тәртіпті талап ететін тергеу изоляторының санаға салмақ салатын сәтсіз сәттерінде, ашуға бой алдырмай, сабыр сақтап салқынқанды болуды сол әскер қатарында болған жылдары үйреніп, дағдыланасың. Әскердің тәртібі мен жүйесі аса қиындық туғызбаған. Керісінше, әскерде ұқыптылыққа, уақытты тиімді пайдалануға, сабырлы, шыдамды болуға дағдыланған. Сонымен қатар шапшаң қимылдауды, бастаған ісін кейінге қалдырмай, соңына дейін апаруды үйренесің. Мен 2018-2019 жылы Алматы қаласындағы №5571 әскери бөлімшесінде ішкі әскер қатарында болдым. Бір жылдың өзі мені көп өзгертті. Алыста болғандықтан, ата-анамның, туыс, достарымның қадірін терең түсіндім. Ең бастысы, борышымды өтеп келгеннен кейін бойымда шынайы патриоттық сезім пайда болды. Ия, әскерге барудың артықшылығы көп. Адамды физикалық, моральдық, психологиялық жағынан көп нәрсеге дайындайды. Содан болар, ҚАЖ саласын әскери билетпен-ақ, жұмысқа қабылдап жататындығы. Өйткені, мұнда қызмет ететін жеке құрамның дерлігі, отанды қорғау- ер азамат үшін абыройлы міндет деп санайды.

Азамат **СЕРІКБАЙҰЛЫ**, тілші. «Тайынша таңы».



АЛАПАТ СОҒЫС БОЛМАСЫН!

Ел басына күн туса, Атқа қонбас ер бар ма?

Ай менен Күн тұтылса, Қараңғы түспес жер бар ма?

*«Отаным» дейтін ұл туса, Қол бастап аға ұмтылса,
Алынбас қамал, бел бар ма? Жауының белін бүктірген,
Ордасын күлдей үктірген, Рейхстагқа туын тіктірген.
Майдангерлерде шер бар ма?*

*Жиырма сегіз батырым,
Бір тарих өзі атыңның.*

Сендерге жетер тең бар ма?

Ақырғы шайқас – арпалыс!

*Қарамас батыр ажалға. Төтеп беру өлсе де,
Аяқ пен қолын берсе де. Темір құрсау тажалға.*

*Кеткенде ойлап ауылын, Ата-ана мен бауырын,
Іркілді жас жанарға. Жолының бәрін таптады,
Дүлей темір қаптады. Ақырғы бекініс қамалға.*

Деді олар: «Бауырым, тізелес! Итерген оны біз емес»

*Қанды қырғын жанжалға. Қанға құмар фашисттің,
Тәңірім жолын оңдар ма? Командирі бастап қол,
Жиырма сегіз батыр ашты жол, Жеңіспен атар таңдарға!
Шындыққа кім нанбасын, Қалдырды ерлік таңбасын.
Кейінгі бұған таңданба.*

Қолынан ешкім берген жоқ. Жел айдап Жеңіс келген жоқ.

Ұрпағым мұны ойласын. Өткендердің өрлігін,


Мәңгілік өшпес ерлігін Кейінгілер жалғасын.

Әлемді бүкіл жалмаған, Шеңгелдеп қанды қармаған.

Алапат соғыс болмасын! Отан – елдің тірегі,

Беріліп оған жүрегі. Ұландар елін қорғасын!

Сәлік ЖҰМАТТЕГІ, газет тілшісі



ТЕК АЛҒА, САРБАЗДАР!

Сарбаздар, тек алға адымда,
Оқы, үйрен, жалықпа, жалында.
Еркіндік жалауын жаққан күн
Мәңгілік сақталсын жадында.

Армия жасағы құрылды,
Аймалап өбеді туымды.
Жас ұрпақ, қорғай біл еліңді,
Жеріңді, мөп-мөлдiр суыңды.

Сарбаздар әнеки, тұр сапта,
Асығыс кетердей бір жаққа.
Бейне бір «Ант» беріп тұрғандай
«Тоқтай тұр!» мен атам, сен атпа.

Аспаны ашық бол елімнің,
Сақталсын байлығы елімнің.
Халқыңа аянбай еңбек ет,
Зейнетін көрерсің еліңнің.

Сарбаздар бүркіттей қас қыран,
Үлгі алып ер жетер жас ұлан.
Арналсын ақ ниет, ақ бата,
Шат күлкі, жыр шумақ, асыл ән.

Тыңдайық сарбаздар әуенін,
Жаңғыртсын қазақ ел әлемін.
Қабыл ал мереке алдында
Жолдаған ағалар сәлемін.

«Болашақ жарқын» деп данамыз
Сол сөзбен көш бастап барамыз.
Ұраны сарбаздың «Тек алға!»
Жарқырап, жалындап жанамыз.

Туған жер төрінде санамның
Аруағы қолдасын бабамның.
Бір Алла жар болсын сендерге,
Ақ сүтін ақтаңдар анаңның.

Сарбаздар, қатардан қалмаңдар,
Бабалар ерлігін жалғандар.
Ел-жерін қызғыштай қорғаған
Ержүрек сарбазда не арман бар.

Қожа ҚАБАНҰЛЫ, тілші

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҮШІН БІРЛІК КҮНІ



бірлік күнінің мәні де осыдан шығады.

Еңбек пен көктем мерекесі Кеңес одағында айтулы мерекелердің бірі болған. 1 мамырда Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мереке өтті. Қазақстан халқының бірлігі күні әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік, азаматтық борыш пен ұлттық келісім мерекесі. Бұл күні орталық «Достық» алаңында Тайынша тұрғындарын Қазақстан халқы достығы қалашығы қарсы алды. Әркімнің әр түрлі халықтардың дәстүрі мен мәдениетімен танысуға мүмкіндігі болды.

Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қызметкерлері ұйымдастырған «Дарынды адамдарға толы туған ел» халықтық-қолданбалы шығармашылық бұйымдарының көрме-сатылымына Земенкова Елена, Якушевич Елена, Рахимжанова Бикен, Шепель Валентина, Васильева Татьяна, Чеховская Станислава сынды шеберлер қатысты. Ауданның көркемөнерпаздар ұжымы көрермендердің назарына мерекелік концерт ұсынды.

Тайынша қаласы әкімінің аппараты, Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімдері мерекелік іс-шараның ерекше өтуіне атсалысты. «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Тойлыбай Хажмұрат асық ойындары үшін алаң ұйымдастырды. «Асық ату» - жасөспірімдер арасында қайта танымал болып келе жатқан қазақтың ең көне ұлттық ойындарының бірі екені туралы ақпарат берілді. Қазақ халқымен ежелден бірге жасап келе жатқан дәстүрлі ұлттық үрдісінің бірі – асық ойыны. Ең қызықты әрі кең тараған бұл ойын түрі бүгінгі таңда да өз мәнін жойған жоқ. Асық ойыны баланы ептілікке, шапшаңдыққа, мергендікке, ұқыптылыққа және сергектікке үйрететін ойын адамның дүниетанымын кеңейтетін қасиетке де ие. Сонымен қатар, бұл күні әр еңбек саласында қажырлы еңбек атқарып жүрген тайыншалықтар ерекше марапаттарға ие болды. Сахна төрінде аудан өнерпаздары ақ тілектерін жолдап, ән шырқалып, мың бұралған бишілеріміз де өз өнерлерін ортаға салды.



1 мамыр - жарқын, шуақты, мерейлі мерекелердің бірі. Бұл күн әлемнің әр елінде әртүрлі тойланады. Ең үлкен мереке – Еңбеккерлердің халықаралық ынтымақтастық күні. Қазақстандағы

1 мамыр мерекесі өте жоғары деңгейде өтті. Жиналған жұртшылық бір-бірімен қауышып, киіз үйлерден дәм татып, ерекше көңілмен тарқасты. Мереке құтты болсын!

 Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы



ҰСТАЗЫМ, МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ



«Қалдырған ізің мәңгілік, Жадымда тұрар жаңғырып, Ұстазым, менің ұстазым», - демекші, зейнет жасына келсек те білім нәрін құйған ұстаздарымыз есімізде, ұмытылмақ емес. Ыстық ықыласпен, жылы леппен түлектері еске алатын ұстаздардың бірі - Зиедден Есләмұлы Мажимов ағай. Өмірінің 44 жылын мектепте өткізіп, алдынан қаншама түлектерді математика пәнінің қыр-сырын ұқтырып, ақ жол тілеп жаңа өмірге ұшырған ұстазымыздың қиын-қиыста өмір соқпағынан өткенін бірі білсе, бірі біле бермейді. Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы, Мәдениет ауылының қазіргі жас толқыны (олардың ішінде Зиедден ағайдың балалары: Мереке, Бауыржан, Бақытжан да бар) имандылыққа бет бұрып, «Қайырымдылық қорын» ашып, өз күштерімен мешіт салып жатыр. Сол жастардың бірінің әкесі, екіншісінің ағасы, үшіншісінің туысы Зиедден Есләмұлынан білім мен тәрбие алды. Сондықтан қазіргі ұрпақ біліп, үлгі алу үшін, ұстаз ағамыздың өмір жолына тоқтап өткенді жөн көрдім. Зиедден Есләмұлы 1933 жылы 6-шы мамырда Омбы облысы, Назыбай ауданында өмірге келген екен. Әкесі 1929 жылы кәмпескеге легіп, елден кетуге мәжбүр болған. Сол себепті Зиедден Есләмұлы Ресейде туған екен. Елге 1938-1939 жылдары көшіп келеді. Талап ауылында аталас туысы Қабиден Абуев басқарма болып тұрған. Туысының қолдауымен ағайдың әкесі Есләм Талап ауылына ат басын тіреп, тұрақтап қалады. Көп ұзамай әкесі Есләм 1941 жылы соғысқа аттанады. Сол кеткеннен елге қайтып оралмады. Отан үшін жаумен арпалысып жүріп қаза тапқан. Жастай әкеден айрылған Зиедден анасы Қазидың аясында өсіп өнеді. Белі қатпаған Зиедден ерте жұмысқа араласады. Күндіз колхозда, кешке анасына көмек көрсетеді. Қызыл-Сая орта мектебін кейде атпен, кейде жаяу барып жүріп бітіреді. Жасынан алғыр, зирек болған Зиедден Есләмұлы 1950 жылдардың екінші жартысында Қарағанды қаласындағы жеделдетілген мұғалімдер дайындайтын университетті аяқтайды. Аудандық оқу бөлімінің бұйрығымен Чкалов ауданындағы Аймақ мектебіне жіберіледі. Жас маман өзін жақсы қырынан таныта біледі. 4 жылдан соң Талап ауылына жіберіледі. Талап ауылында жас жігіт болашақ жары, өмірлік серігі Қымбат Қизатқызымен танысып, 1957 жылы отау құрады. 1960-61 жылдары көрші Мәдениет ауылына көшіп келіп, Мәдениет мектебінде зейнетке шыққанға дейін ұстаздық қызмет атқарады. Зиедден Есләмұлы жалғыз математиканы меңгеріп қоймай, басқа салаларды да игерген жан-жақты ұстаз еді. Биология, өнер саласы тағы басқа Зиедден Есләмұлы әр сабағын қызықты да тартымды қылып өткізетін. Сабақтың тақырыбына сай практикалық жұмыс жасатып, оқушыларды шығармашылыққа баулытын. Оқушылар математикаға деген ынтығат артып, сабақты босатпауға, үй жұмысын мұқият орындауға тырысатын. Ұстазбен оқушылар арасында сүйіспеншілік, сыйластық қарым-қатынас болатын. Зиедден Есләмұлы көп жылдар бойы мектептің оқу ісін басқарып, білімді де білікті шәкірттердің шығуына үлкен үлесін қосты. Зиедден Есләмұлы мектепке келген жас мұғалімдерді қанатының астына алып, сабақтарына қатынасып, ұстаздық жолдың қыр-сырын үйрететін. Ұстаздық қызметімен қоса ауыл өміріне де белсене қатынасады. Асыл

жары Қымбатпен 7 баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеп, әр қайсысына жоғары білім әперді. «Әке көрген оқ жонар», - деп ұстаздық жолды қыздары Алма, Айжан, ұлы Бауыржан таңдады. Алмасы Зереңді ауданы Қызылағаш мектебінде директор, кейін Астана қаласында мұғалім болып зейнетке шықса, Айжаны колледжде ұстаз, Бауыржаны көп жылдан бері Мәдениет орталау мектебінде директор. Қалған балалары еліміздің көркеюіне ат салысып қызмет жасауда. Зиедден Есләмұлының еңбегі бағаланып «Оқу-ағарту саласының үздігі» төс белгісімен, «Еңбек Ардагері» медалімен және де көптеген аудандық, облыстық оқу бөлімдерінің атынан бірнеше рет марапатталған. Зиедден Есләмұлының қызметте абыройлы, елге елеулі, халқына қалаулы болуына өмірлік серігі Қымбаттың қосқан үлесі зор. Жолдасын құрмет тұтып, жоғары бағалап отырды. Екеуінің өмірі тағдырлас, Қымбаттың да әкесі қуғынға ұшырап, Үлкен Қарой өзені бойына бір түнде көшіп кеткен. Кейін Тереңкөл көлінің маңайына көшіп келеді. Мәдениет, Талап ауылы Тереңкөлден алыс емес, іргелес жатқан ауылдар. Қымбат жолдасын қолдай жүріп, балаларын баға жүріп қызметтен қалған емес. Үй шаруасы мен қызметтің тізгінін тең ұстап, ауылдық клубты басқарды. Сырттай кітапханашы мамандығына оқып, диплом алды. Ауылда «Ұлттық фольклорлық ансамбль» құрып, аудандық, облыстық конкурстарға қатысты. Ауыл жастары (сол кездегі) біздер аудандық, облыстық мәдени іс шараларға, слеттарға Қымбат Қизатқызының басқаруымен қатысып жүрдік. Өзі де талай додаларда үздік шығып, аудандық, облыстық, республикалық марапаттарға, арнайы сыйлықтарға ие болды. Бірге жүрген кезімізде (біз жаспыз) түсінбедік, қазір ойлап отырам Қымбат тәтеміз неткен төзімді, сүйегі асыл еді деп, өйткені үйде жас балалары, жолдасы тосып отырады. Клубтың жұмысы кешке басталады. Түрлі байқауларға дайындаламыз. Күндіз бәрі жұмыста, кешке ғана жиналамыз клубқа. Түнгі 1-2-ге дейін жүреміз. Клубтан шыққан соң қысты күні сырғанақ теуіп, бір-бірімізге қар атып ойнаймыз. Қымбат тәтемізді жібермейміз, бірге жүреді. Үйінде балалары, шаруасы бар деп ойламаппыз. Ренжімей бізбен бірге түнгі 3-ке дейін жүреді ғой. Үйде Зиедден ағай жас балаларды бағып, тамақтарын беріп, Қымбат тәтеміз келгенде: - Неге түн ортасы ауғанша жүресің? - деп қабағын шытпапты. Бұл ерлі-зайыптының бір-бірін түсінугі, бір-бірін қолдауы екен. Ағамыз қабақ шытып, ренжісе Қымбат тәтеміз мұндай жетістікке жетпес еді. Баласы Бауыржан: - «Анам әкемді өте құрметтеп өтті, біздер балалықпен ойын қуып кеш келгенде - әкеңе айтам - деп бір қайырып алушы еді», - деп еске алады. Зиедден Есләмұлы мектепте ұстаз болса, Қымбат Қизатқызы ауыл жастарының ұстазы болды. Ол кезде телевизор, ұялы телефон, тіпті жай телефонның жоқ кезі. Ауыл өмірінің қызықты, мәнді болуына ат салысқан ерлі-зайыптылар Мажимовтар, жандары жайсаң, жан-жағына шуақ шашқан жандар еді. Өмірлері, атқарған қызметтері қазіргі жастарға үлгі, ғибрат. Жатқан жерлері жарық болсын асыл жандардың!

НҰРЖАМИЛА ӘЛІБЕКОВА,
Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің
Құрметті қызметкері. Карасевка ауылы.

АҚЫЛЫ МЕН АСЫЛДЫҒЫ ҰШТАСҚАН АСЫЛ ЖАНДАРДЫ САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Бүгінгі мақаламыз жақсы ұстаз ғана емес, сонымен қатар ақынжанды, қайырымдылық, жақсылық жасауға үнемі асығып жүретін, қарапайым ауылда еңбек еткен жаны жайсаң, аяулы - Ана, ұстаз - Әке жайлы болмақ. Олар жүрген ортасының, шәкірттерінің, ауылының мақтанышы болды. Олар адамгершіліктің, мейірімділіктің, тазалықтың символы іспеттес. Өздері өте қарапайым, ісі үлкен ерлікке тең ұстаздан басқалардың үйренері де көп болды. «Ұстаз - ұлық емес, ұлы қызмет» - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, олар жауапкершілігі мен ауыртпалығы аз емес, Ұлы өмір жолында тынбай еңбек етті.

...Табанымыздан суық өткізбеген ата-анамыз Бар әлемді шарласақ та енді қайдан табамыз?! Маңдайымыздан сипап, аялаған ата-анамызды, Сағынышпен жүрек тебіреніп бүгін еске аламыз. Жеті баланы өмірге әкеліп, жеткізген ата-ана, Немерелерге олар жайлы сыр шертеміз толғана! Көктеді міне, тамыры терең бәйтерек жайқала, Ел қарайды біздерге қызыға да, таңдана! - деп артындағы ұрпағы перзенттік сағыныштарын төгеді. Анамыз аяулы жар, ардақты ана, сүйікті әже, ал әкеміз - қорғанымыз, ақылшымыз, өмірлік ұстазымыз болды.

Олар қиыншылығы мен қызығы қатар жүретін ұстаздық өмір мен отбасылық ғұмырды әсем ұштастыра білді.

«Екі жақсы қосылса өлгенінше дос болар» - демекші, жүрген жерлерінде жақсылық ізін қалдырған ата - анамызға Мың алғыс! Өмірлерінде екеуі де жақсылық жасауға асығып жүретін жандар болды, ел алғысына бөленіп, бірнеше сауапты істің себепшісі болып ғұмыр кешті. Ендеше, «Жақсы адам артына мәуелі бақ қалдырады» - деген сөз осындай жандарға арналып айтылса керек! Қамшының сабындай ғұмырында «Өзгенің бақытын аялап, өз уақытын аямауға» арнаған ұстаз-тәлімгер, ақылшы жандарға өз отбасынан басқа жандардың ризашылығын есту, артындағы ұрпағы үшін ерекше бір ғанибет, шынайы көңіл деп білеміз. Біздің ата-анамызды құрметтеген жандарға алғысымыз шексіз! Ал ата-анамыз біздің мәңгі жүрегімізде. Әрбір айтқан сөздері мен ақыл-кеңестері әркезде де жанымызда сақталады. Ата-анамызға Алла иман байлығын берсін, жатқан жерлері Жұмақ болсын.

*Өздеріңіз жайлы айта алмаймыз тауысып,
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.
Көпшіліктен алған алғыс, сауабың,
Жатқан шығар, рухтарыңызбен қауышып.*

*Әке-ана көзден кеттіңіздер мәңгі жырақтап,
Сіздерді көп іздедік біз сағынып
Кеттіңіздер бұл өмірден мәңгіге,
О дүниені мекен қылып тұрақтап.*

*Әке деген асқар тауың, орманың,
Анаң сенің жұбанышың, қорғаның!
О, адамдар бар кезінде әке менен ананы
Кадірлейік, өкініп ертең қалмайық!*

*Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.
Көзімізге ып-ыстық жас келеді,
Ата-ана өздеріңді сағынып, еске алғанда!*

*Бәйтеректей әулетке сая болған,
Бәрінен де мейірімін аямаған.
Жәннатта жаның болсын, рухың биік,
Өздеріңдей қайда бізге аяулы адам.*

*Жалғап өскен ағайынның арасын,
Қайран Әке, аяулы Ана бір төбе дарасыңдар.
Бар болса артыңдағы ұрпақтарың,
Ата-ана, мәңгі есте қаласыңдар!*

**Барлық туған-туыс, бауырларының
атынан сағынышпен еске алушы:
Бауыржан ЗИЕДДЕНҰЛЫ.**

Мектеп жасына дейінгілер мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастық жұмыстары және оны жүзеге асыру

Сабақтастық дегеніміз, біріншіден, екі буын арасындағы ортақ мақсат міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау, екіншіден білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі.

Ә. Бидосов былай деген “Сабақтастық дегеніміз – мектеп жасына дейінгілер мен бастауыш мектептегі пәндерді оқытудың әр түрлі сатысында балалардың білімдерінің арасында қажетті байланыстар мен қатынастар орнату”.

Балалар білім икемдігі мен машықтарын пайдалану және одан әрі дамыту кезінде олардың оқу ісінде әр алуан байланыстар орнату, жаңа білім мен бұрынғы білімді өзара байланыстыру. Сонымен бірге, білімді кеңейту мен тереңдету, оқығандарды жаңа, жоғары деңгейде байыптау”.

Балабақша мен мектеп арасындағы байланыс формаларының сабақтастығын екі өзара байланысты аспектіге бөлуге болады: ақпараттық – ағартушылық және практикалық.

Бірінші аспект, мұғалімдер мен тәрбиешілердің оқу - тәрбие жұмысының міндеттерімен өзара танысуын, балабақшаның ересек және мектепалды топтары мен мектептің бірінші сыныбы бағдарламалар мазмұнын зерттеуді болжайды. Осы мақсатқа байланысты мынадай формалары мұғалімдер мен тәрбиешілердің біріккен педагогикалық кеңестерінде балалардың мектепке дайындығы мәселесі бойынша қатысуы, дәрістермен өзара алмасуы және т. б. жұмыстарды жүзеге асырады.

Екінші, тәжірибелік аспект – бір жағынан мұғалімдердің балабақшада өздерінің болашақ оқушыларымен алдын ала танысу, екінші жағынан, тәрбиешілердің бұрынғы тәрбиеленушілерді бақылап отыруымен бейнеленеді. Берілген мазмұнды жүзеге асыру формалары: мұғалімдердің болашақ оқушылармен танысу үшін балабақшадағы дайындық топтарға жүйелі қатысуы, олардың іс - әрекетін бақылау, балалардың диагностика - ларының нәтижелерімен және мінездемелерімен танысу.

Қазіргі оқу тәжірибесінде мектепке дейінгі және бастауыш мектеп оқуындағы сабақтастықты жүзеге асыруда негізгі екі бағыттарын белгілеуге болады. Олардың біріншісі, балалар дамуының темптерін көбейту және мектепке дейінгі мекемелердің мектептегі оқудың талаптары мен ерекшеліктеріне жету міндеттерін тұратын тәжірибеге сүйенеді. Екінші, бастауыш мектепке дейінгі білімдер, іскерлік және дағдыларды дамыту тактикасына негізделеді. Мұнда В. В. Давыдовтың белгілеуі бойынша, бастауыш мектеп оларды жүйелейді және жалпылайды, оқуға, жазуға, санауға және тағы басқаға үйретеді. Біздің көзқарасымызша, бұл бағыт жан - жақты емес, бірақ біріншісіне қарағанда көп қаланады.

Сөйтіп, сабақтастық байланысының негізгі философия тұрғысынан дамудың объективті заңдылығы ретінде қарастырылады. Сабақтастық дамудың заңдылығы ретінде ескіні толықтай жоққа шығару жолымен емес, сақтау және одан әрі дамыту мақсатымен өткен кезеңнің жаңа кезеңге ауысуы жолымен үздіксіздікті қамтамасыз етеді. Диалектикалық жоққа шығару әрқашан қарама - қарсы сәттер, яғни ескіні жою (үзіліс) және оң ықпалдың негізінде жаңаның пайда болуының (үздіксіз) бірлігі болып табылады. Бұл заңдылық тәрбиешілер мен мұғалімдерді баланың шығармашылық мүмкіндіктерді дамыту жұмысында сабақтастық байланысына ұмтылдырады.

Г.О. ГИЗЕЕВА,

«Болашақ» бөбекжай бақшасының меңгерушісі.

АТАМНЫҢ ӨМІРІ БІЗ ҮШІН ӨНЕГЕ



Аз емес зар жылаған, егілген жан, Аз емес өшкен өмір төгілген қан Кеудеге зілді қасірет салды соғыс, Қирады талай арман көңілге алған-деп М. Темірұлы жырлағандай, бізге жеңіс ездігінен оңайлықпен келген жоқ.

Ерлік... Осы бір сөзді естіген кезде көз алдыма сансыз ғаламат ойлар келіп, сонау заңғар тауға асқақтатады. Ел ішінде «Ер елдің айнасы» деген терең мағыналы сөз бар. Түбіне үңіле қарасаң ұшы-қиыры жоқ кеңістікке енгендей боласың... Сонау атам заманнан бері білектің күшімен, найзаның ұшымен елін қорғап қалған батыр ата-бабаларымыздың ерлік істері біздерге, бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай іс. Бұл күндері біздің ержүрек ата-бабаларымыз, аға-әпкелеріміз барлықтары өздерінің жерлері үшін Отаны үшін қандарын төкті, азап шекті, қыстың қатты ызғырына шыдап- бағып төске өрледі. Жүректерінде «Біз жеңеміз!» деген ой өрледі. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышымен дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастар алыстағы ауыл мен кең байтақ далаларда да жүріп жатты. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Ұлы Жеңіс! Адамзат - өмірін ұлы қайғыдан, адам жанын қинайтын ең ауыр, ең ащы соғыс деген азаптан құтқарған Жеңіс-бұл! Міне биыл Ұлы Жеңіске-78 жыл. Осы Жеңіс жолында от кешіп, ерлігімен танылған адамдарды әркез есте сақтау-біздің парызымыз. Ұлы Отан соғысы... Қаншама адам жақындарынан айырылды? Соғыс жылдары қаншама туған жерден жырақ жүріп, қаншасы жат жерде жерленді?

Жеңіс күні біздің отбасымыз үшін ерекше мейрам. Себебі менің ұлы атам Көшенов Балтағара Ұлы отан соғысына қатысып, елдің тыныштығы мен жеңісі үшін күрескен жан. Әрине мен атамды көрген жоқпын, бірақ әжемнің, анамның, туған-туысқандарымның

айтуы бойынша атамның ерлігі туралы тыңдап отырған кезде кеудемде мақтаныш сезімі орнайды, себебі мен майдангер атамның шөбересі боламын. Атамның өмірі біз үшін өнеге.

Атам 1907 дүниеге келген. 1941 жылы майданға аттанған, сол кезде атам 34 жаста екен. Атамыздың бір ұлы, әжеміздің қолында қалған екен. Екі жылдан соң, 1943 жылы өте ауыр жарақатпен елге оралыпты. Сол заманда аштық, қиыншылық уақыты болды, атам кейіннен ауыл өміріне де белсене араласқан. Атамыздың төрт ұлы, екі қызы болған. Атам 1969 жылы дүние салды. Менің атам-нағыз батыр деп ойлаймын, өйткені суретіне қарап отырып, оның алып тұлғасы батырға ғана тән деп ойлаймын.

Дана халқымыз «Ата-бәйтерек, бала-жапырақ» деп бекер айтпаған. Ата-отбасының ұйтқысы, тірегі, ақылшысы мен қажыр қайраты. Осындай адамның шөбересі болғанды мақтан тұтамын. Соғыс жайлы кинолар көргенді, кітап оқығанды ұнатамын. «Тағдырында таптырмас мағына бар» демеуші бүгінгі күні арамыздан алыстап, мәңгілік мекенінде жатқан атамның жарық нұрының Алладан болуын тілеймін. Әрдайым осы жеңіс күнін есіме алған сайын, осындай ұлы батыр ердің ұрпағы болғандымды мақтан тұтамын. Атамның жеңісі-менің жеңісім. Өйткені мен Отан үшін отқа түскен майдангердің шөбересімін. Ал, майдангер аталар мен әскери қызметкерлер туған жердің де, халықтың да қорғаушысы. Сонау ғасырларда аталарымыз жете алмаған арманға міне, біз жеттік. Қандай тамаша дербес, мемлекетіміз бар. Отанымыз, туған тіліміз, отбасымыз қасымызда қандай бақыттымыз! Осылардың бәрі ата-бабаларымыздың арқасында деп білемін.

Аяжан Тажғұлова, Аймақ негізгі мектебінің 9-сынып оқушысы.

Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі: Сеитова Гүлмира Газизқызы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

11 мамыр күні сағат 14.00-ден 15.00-ге дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ ғимаратында Тайынша қаласы, Центральный тұйық көшесі, 2 мекенжайы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілі азаматтарды қабылдайды. Байланыс нөмірі: 8 (7152) 37 51 54

11 мая с 14.00 до 15.00 часов в здании КГУ «Аппарат акима города Тайынша Тайыншинского района Северо-Казахстанской области» по адресу: г. Тайынша, переулок Центральный 2, будет проведен прием граждан Представителем Уполномоченного по правам человека по Северо-Казахстанской области. Номер для связи: 8 (7152) 37 51 54.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Элеватор Тайынша» ЖШС-і астық тапсырушыларға 20.06.2023 мен 20.07.2023 аралығында жаңа астық қабылдауға материалдық-техникалық базаны дайындау үшін кәсіпорынның жабылатыны туралы хабарлайды.

ТОО «Элеватор Тайынша» уведомляет своих хлебосдатчиков о закрытии предприятия на подготовку материально-технической базы к приему зерна нового урожая с 20.06.2023 г. по 20.07.2023 г.

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА, АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

- Шөптер мен сабандарды жақпаңыздар. Бақылаусыз қоқыстарды өртемеңіздер және алау жақпаңыздар. Балаларға сіріңкемен ойнауға, шөптерді өртеуге рұқсат бермеңіздер. Оттың бір құрылыстан басқасына өтіп кетпеуі үшін, шаруашылық аулаларының, гараж кооперативтерінің аумақтарын құрғақ шөптерден және қоқыстардан тазартыңыздар. Жанған сіріңке мен темекі тұқылдарын лақтырмаңыздар. Күннің астында бөтелке немесе шыны сынықтарын қалдырмаңыздар. - Құрғақ және желді ауа-райында алау жақпаңыздар, оларды сөндірусіз қалдырмаңыздар. Егерде сіз басталған өртті байқасаңыз, мысалы, кішкене өртенген шөп, оны өздігіңізден өшіруге тырысыңыз. Кейде жай ғана жалынды таптап тастау да жеткілікті (шындығында, шөптің бықып жатпағандығына көз жеткізіп, күте тұру керек, әйтпесе от қайта жануы мүмкін. Егерде от қатты жанса, оны өз күшіңізбен сөндіре алмасаңыз, шамаңыз келгенше онымен айналысатындарға тезірек хабар беруге тырысыңыз. 101 және 112 телефондарына қоңырау шалып, байқаған жану ошағын және оған қалай бару керектігін хабарлаңыз.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 143. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫҢ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.